

Қаржылық нәтижелер және тұрақты өсу

2023 жылдың соңына қарай Қор Тобының активтері 36,9 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылмен (33,6 трлн теңге) салыстырғанда 9,8%-ға артық. Кіріс 3%-ға өсіп, 17,2 трлн теңгеге жетті.

2023 жылы Мемлекет 61 млрд теңге (2022 жылы 53 млрд теңге) көлемінде субсидия төледі. **GRI 201-4**

2023 жылдың аяғында Қор Тобының активтері

36,9
трлн теңге

4-кесте. Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млрд теңге³⁰ **GRI 201-1**

Көрсеткіш	2020	2021	2022 ³¹	2023
Құрылған тікелей экономикалық құн				
Жиынтық кіріс³²	9 557	13 179	16 705	17 218
Бөлінген экономикалық құн				
Жиынтық шығыс³³	-8 974	-11 270	-14 331	-15 090
Бөлінбеген экономикалық құн				
Пайда	583	1 908	2 374	2 128
Соның ішінде Акционердің үлесіне шаққандағы пайда	558	1 629	1 927	1 698
Мемлекетке салық төлемдер ³⁴	-1 523	-2 065	-2 630	-2 941
Капитал жеткізушілерге төлемдер ³⁵	-252	-248	-306	-1 469
Күрделі салымдар	1 434	1 572	1 880	2 747

Біздің тұрақты қаржылық нәтижелеріміз несиелік рейтингтермен расталады:

FitchRatings

BBB

болжамы «Тұрақты»

S&P Global

BBB-

болжамы «Тұрақты»

MOODY'S

Baa2

болжамы «Оң»

²⁹ Субсидиялардан басқа компаниялар қор топтары мемлекеттен басқа қаржылық көмек алмайды.

³⁰ GRI-дің ақпаратты ашу жөніндегі 201-1 ұсынымдарына сәйкес кестені дайындау үшін ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес дайындалған Қордың қаржылық есептілігі пайдаланылды.

³¹ 2022 жылға арналған қаржылық деректер 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес қайта есептелді.

³² Жиынтық кіріс туралы есептегі түсім және басқа да кірістер жиыны.

³³ Жиынтық кіріс туралы есептегі шығыстар және шығындар жиыны.

³⁴ Қор Тобы қызметінің барлық өңірлеріндегі бюджетке төленген төлемдер және КТС.

³⁵ Дивидендтер мен басқа да үлестірулерді қамтиды.

Төленген
дивидендтер

1 269

млрд
теңгеТөленген
салықтар

1 993

млрд
теңге

Дивидендтер және бюджетке төленген өзге төлемдер

Біз дивидендтерді жүйелі түрде төлеп, жалғыз акционеріміз мемлекетті табыспен қамтамасыз етеміз. 2023 жылы біз 1 269 миллиард теңге дивиденд төледік.


Сондай-ақ, біз Қазақстан үкіметі белгілеген түрлі салықтар мен алымдарды төлеп тұрамыз. Өткен жылы біз 1 993 миллиард теңге көлемінде салық төледік – бұл мемлекеттік бюджетке түскен барлық салық түсімдерінің шамамен 9%-ын құрайды.

2023 жылы акционерге басқа да бөлулер 133 млрд теңгені құрады және әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды қолдауға бағытталды.

2023 ЖЫЛЫ БІЗ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІҢ АШЫҚТЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН КӨЛДЕНЕҢ БАҚЫЛАУ ПЛАТФОРМАСЫН ІСКЕ ҚОСТЫҚ.

Ақпараттық өзара әрекеттесудің жаңа түрі салық органдарына біздің деректерімізді нақты уақытта көруге мүмкіндік береді және салық төлеудегі қателіктер қаупін азайтады. Инновация сонымен қатар салықтық бұзушылықтар үшін ықтимал айыппұлдар мен өсімпұлдарды азайтуға мүмкіндік береді және инвестициялық тартымдылықты арттырады. **GRI 3-3**

ҚР Мемлекетке төленген төлемдер, млрд теңге



³⁶ 2022 жылдың қорытындысы бойынша төлемдерден басқа, 2023 жылғы қазан мен қараша аралығында Қор Үкіметінің 2023 жылғы 20 қазандағы қаулысына сәйкес акционерге 2021 жылғы бөлінбеген пайдадан 1 026,7 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді жүзеге асырды.

³⁷ ЖТС-ты есепке алусыз.